

"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Қаратау ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесін құрудың кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі № 318 қаулысы

«Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 159-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының
Үкіметі **Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

1. «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Қаратау ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесі **қ ұ р ы л с ы н .**

2. Осы қаулының 1-тармағында көрсетілген мемлекеттік мекемені қаржыландыру 2015 - 2017 жылдарға арналған республикалық бюджетте Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне көзделген қаражат есебінен және шегінде жүзеге асырылады деп **б е л г і л е н с і н .**

3. «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 24 сәуірдегі № 387 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2008 ж., № 22, 205-құжат) мынадай толықтыру **е н г і з і л с і н :**

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі **т у р а л ы** **е р е ж е д е :**

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің республикалық мемлекеттік мекемелерінің тізбесінде:

«Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің аумақтық органдары - мемлекеттік мекемелерінің тізбесі» деген 1-бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 172-1-жолмен толықтырылсын:

«172-1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Қаратау ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы».

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Премьер-Министрі

*Қ а з а қ с т а н
К.Мәсімов*

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК